

Педагогикалық кеңес
Хаттама №4

Өткізілген уақыты: 31.03.2024 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: «Денсаулық сақтау технологияларын енгізу арқылы балалар мен МДҰ педагогтерінің салауатты өмір салтын қалыптастыру».

Мақсаты: Балабақшадағы сауықтыру-шынықтыру жұмысының деңгейін көтеру

Төрайымы: Есеналиева А

Хатшысы: Имангожаева А

Қатысқандар саны: 3

Барлығы:3

Күн тәртібі:

1. №3-пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
3. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің ҰІӨ енгізу
4. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттрдің қорытындысы
5. Психологиялық тренинг «Тимбилдинг»

Педагогикалық кеңес қаулысы

Қаралды

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі №3 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы туралы айтты. Ол бойынша, өткен педкеңесте аралық мониторинг бойынша есеп берілгендігі, енді алдымызда қорытынды мониторинг толтыратынымыз айтылды.Қорытынды мониторингке дейін тәрбиеші топтағы балалармен жеке жұмыстар жүргізіп көрсеткішті толтыратынын ескертті. Психолог қиын отбасындағы балалармен жұмыс жүргізгендігі жөнінде есеп берді.

Әдіскер жоспарлы кешен бойынша өткізілген іс шараларға тоқталып өтті. Жасалған көрнекіліктерге тоқталып өтті. Өздеріне тиесілі көрнекіліктерді А3 форматта жасап өткізді. Іс-шаралар бойынша ескертулер айтылып, толықтыру тапсырмасы берілді.

2.ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?» тақырыбында кеңес берді.

Балабақшада ең басты міндетіміз баланың денсаулығын сақтау және нығайту екендігін еске салды.Ол үшін күнделікті жұмыстар жүргізіледі.

Таңғы жаттығу әр жас ерекшелігіне сәйкес жүргізіледі,сонымен қатар оқу

жүктемесіне сәйкес топта аптасына 3 рет дене шынықтыру ҮІӨ кесте бойынша қойылған. Таза ауадағы серуен уақытында да маусымдық өзгерістерді ескере отырып балалардың денсаулығын нығайту мақсатында түрлі шаралар өткізіледі. Күн тәртібін сақтай отырып балалар уақытылы рационалды теңестірілген тамақпен қамтамасыз етіледі. Түскі ұйқының да бала денсаулығына ықпалы зор. Ұйқыдан кейін ұйқы ашар жаттығулары жасалып, денсаулық жолдары пайдаланылады. Денсаулық сақтауда ұлттық спорттық ойындарды қолданып, балалардың денсаулықтарын нығайту балабақшамызда жақсы жолға қойылғаны туралы тоқталды.

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің ҮІӨ енгізу жайлы айтты.

Бала денсаулығының мықты болып, қозғалысты дене құрлысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Ағзаның қорғаныс қабілетін нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан да сүйектің, буынның, бел омыртқаның дұрыс әрі мерзімінде жетілуіне айрықша мән беру керек. Бұлшық еттерді қатайту, жүрек қан тамыр жүйесінің жетілуіне, тыныс алудың тереңдігі мен ырғақтылығына, тыныс алуды қозғалыспен үйлестіруге мүмкіндік жасап, бұған үнемі ықпал етіп отыру керек.

Денсаулықты сақтау технологиясы бірінші кезекте валеологиялық мәдениетті тәрбиелеу технологиясы немесе балалардың денсаулық мәдениеті. Технологиялардың мақсаты - балалардың денсаулыққа және адам өміріне саналы түрде қарауы, денсаулық туралы білімдерін толықтыру. Басқа сөзбен айтқанда, «үлкен өмірдің» табалдырығын аттарда денсаулықты сақтау технологияларын қолданса, біз нәтижеге қол жеткіздік деп сөзін аяқтады әдіскер.

Сөйледі: Мектепалды топ тәрбиешісі күнделікті ҮІӨ де денсаулық сақтау технологиясын пайдаланатынын айтты. Режимдік сәттердің әр бөлігінде денсаулық сақтау технологиясының элементтері бар екенін айтып, қыздармен іс-тәжірбиесімен бөлісті.

4.ТЫҢДАЛДЫ: Төртінші мәселе бойынша МДҰ басшысы сөз алып ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің қорытындысына тоқталды. Топта ашық ҮІӨ өткізілді. «Біртұтас бағдарлама» негізінде «Мақал-сөздің қазығы, жұмбақ-сөздің азығы» тақырыбында өткізілген іс-әрекет жоғары деңгейде өтті. Бірқатар ұсыныстар айтылды.

5.ТЫҢДАЛДЫ: Ұжымдық қарым-қатынасты жақсарту мақсатында балабақша психологы тимбилдинг ұйымдастырды. Педагогтар берілген тапсырмаларды мұқият орындап ауызбіршіліктерін көрсетті.

ШЕШІМІ:

1. №3 педагогикалық кеңес шешімдері қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Бала денсаулығын нығайту үшін іс-шаралар жүргізілсін
3. Барлық педагогтар ҰІӘ де денсаулық сақтау технологиясын пайдалансын
4. Берілген ескертулер бойынша жұмыс жүргізілсін.
5. Психолог педагогтармен үнемі жұмыс жүргізілсін

Педагогикалық кеңестің төрайымы: Есеналиева А

Хатшы: Имангожаева А